

631
Т29

РЕПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ АГРАРНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени С.СЕРЖУЛДИНА



**ТЫҢНЫҢ 50-ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН
СТУДЕНТТЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРЕТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
БАЯНДАМАЛАРЫНЫҢ
ТЕЗИСТЕРІ**



**ТЕЗИСЫ
ДОКЛАДОВ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ
УЧЕНЫХ И СТУДЕНТОВ,
ПОСВЯЩЕННОЙ
50-ЛЕТИЮ ЦЕЛИНЫ**



КЕЙІПКЕР ПСИХОЛОГИЯСЫН БЕЙНЕЛЕУДЕГІ СУРЕТКЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕР (Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫ “АШ БӨРІ” ӘҢГІМЕСІ БОЙЫНША)

*Ысқақ Б.Ә., аға оқытушы,
Есжанова С., студент,
Павлодар МУ*

Жазушы кейіпкердің ой әлемін, көңіл-күйін, мінез-құлқын барлық жағынан жеке тұлға ретінде даралай отырып, кейіпкер мінезінің ерекшелік сыр-сипатын көркемдік тұрғыдан ашуға ұмтылады. Яғни шығарма бойында кейіпкердің психологиясын талдауда негізінен кейіпкердің көңіл-күйі, жан дүниесіне үңілу арқылы терең бойлап шығармаға арқау етіп алады.

Кейіпкердің психологиясын бейнелеуде Ә.Кекілбайұлының “Аш бөрі” әңгімесінен ұтымды көріністерді кездестіруге болады.

Әңгіме өзегі Құрманғазының елде жүргендегі көк бөрі қуудағы елесі, елес сюжетінде жолдастары, аш бөрі әңгіме етілген. Ә.Кекілбайұлы әңгіменің қиюында:

“Аш бөрі, жүрген жерім қанды майдан,
Шыққан жоқ атқан аңым терең сайдан.
Қазақта талай қатын ұл туғанмен,
Дәл меңдей ұл табатын қатын қайдан”, -

деп үйлесім жасауы тақырып пен мұратын анықтатады.

Әңгімеде жазушы кейіпкер психологиясын бейнелеуде кейіпкердің өзімен-өзін, өткен өмірін ғана емес, табиғат құбылыстарымен қарама-қарсы кіріктіре қаланғанын байқауға болады. В.Г.Белинский: “Отличительный характер нашей литературы состоит в резкой противоположности ее явлений” деген пікірін әңгімемен ұштастырсақ, психологиялық портрет пен табиғат ұтымдылығын әңгіме табысы деуге болады: “Сібірдің тымырсық аязы жарық жалғанның бар дыбысын жұтып жібергендей. Елендетер бірдеңесі болсайшы. Қарқ-қарқ еткен қарғасы да жоқ. Ағаш барақтың қабырғаларындағы шұрқ тесік саңылаулар да сарнамайды. Жел жоқ. Шәңкілдеген жандармдар таңның атысы, күннің батысы ауыз жаппайды. Бірақ, мұндағы жұрттың оған да еті өліп болған. Не айтып жатыр деп ешкім елең етпейді”.

Әңгімеде кейіпкердің ішкі сағыныш күйі, елестерінің өзі табиғат құбылыстарымен қанаттасады. Автор кейіпкердің еркіндікте өскен, бостандықта ғана қанатын қаға алатын қырандай мінез табиғатын тап басып, шынайы табиғат әуездерімен бейнелей берілген. Осындай

табиғат суреті мен кейіпкердің жол үстіндегі бейнесінің ажыраспауын дәлелдей түссек: "Жолаушының есіне жаңағы жол үстінде тұтан жаймақоңыр әуез түсті. Ұзын-ұзын салалы саусақтары перне бойынан қармалап жүріп, ақыры тапты. Әншейіндегідей қыжыртып қаққан жоқ. Үн балқып шықты. Баппен басталған бала әуез баппен өрлеп келеді. Ұйықтай қоймаған тентек немереге кәрі әже айтатын көйгөйдей жаныңды жайбарақаттыққа шақыратын қоңыр әуез. Құлағыңды құнықтырып, көкірегіңді күмбірлетіп барады. Аспан ашық, маңайың құлшырып, гүл-гүл жайнаған әсем күнде алыс жолға шыққандайсың. Төңірегіңнен тек рахат көріп, тек ләззат табасың", — суреттеуді кездестіреміз. Ә.Кекілбайұлының бұл психологиялық талдаудағы әңгімесі өзіндік ішкі жан дүниесімен ақтарыла берілген сезімдері мен табиғи құбылыстарды жандандырулары детальдарға сыйып кеткен.

Талдау барысында жеткізе алмадық деген ойларымызды ғалым Қ.П.Жүсіптің: "... табиғатты бейнелеудегі ізденістерін сараптасақ, шеберліктің сан қырлы өрнектерін кездестіреміз. Соның бірі - табиғатқа орталық қаһарманның, ..., көзімен қарау үлгілері" — деген пікірімен қорытындыладық.